

ӘӨЖ 340.11

ЕЛБАСЫНЫҢ «НҮРЛЫ ЖОЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ШУАҚТЫ БОЛАШАҒЫ

Ағдарбеков Т.А.

*Заң ғылымдарының докторы, ҰЖҒА академигі, С.Демирел атындағы
университет профессоры*

Резюме

В данной статье уделяется внимание на исторические периоды развития государственности в Казахстане и ее успехи. Казахстан как часть мировой экономики, близость к эпицентру мирового геополитического давления. С целью не допустить вредного влияния на развитие государственности в нашей стране, Елбасы выдвинул Новую Экономическую политику - «Нурлы Жол». В статье освещается краткое содержание «Нурлы Жол» ее значение для дальнейшего развития нашего суверенного государства.

Ключевые слова: Государственность, Эпицентр, Геополитика, Право, Экономика, Политика.

Summary

This article presents the historical periods of statehood development in Kazakhstan and its successes. Kazakhstan as a part of the global economy, the proximity to the epicenter of world geopolitical pressure. In order to prevent harmful effects on development of the state in our country, the President put forward a new economic policy - "Nurly Jol". The article contains a short preview of "Nurly Jol" and its importance for the further development of our sovereign state.

Keywords: Statehood, Epicenter, Geopolitics, Law, Economics, Politics.

Аңдатпа. Мақалада мемлекеттігіміздің дамундағы маңыздылығы жоғары, тарихи кезеңдерге тоқталып жеткен жетістіктерімізге көңіл аударылады. Сол жылдары атұрақты сабақтастық институтының құрылғандығы көрсетіледі.

Қазақстанның әлем экономикасының бір бөлігі және сол геосаяси қысымның эпицентріне жақын ел ретінде, осы үрдістің теріс ықпалынан қорғау мақсатында жасалған Елбасының «Нурлы Жол»- Жаңа Экономикалық Саясатының негізгі мазмұны баяндалады.

Бүгінгі мемлекетіміздің тәуелсіздікке дейінгі тарих беттеріне үңілсек қазақ қазақ болғалы алты алаш елі үшін, туған топырақ жері үшін талай қырғын соғысты, бостандық үшін көптеген саяси кезеңдерді басынан өткерген. Олар өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында тек патша отаршылары мен кеңестік жүйенің озбырлығына қарсы 200-ден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққан екен. Соның ең соңғысы – тоталитарлық жүйенің темір құрсауын талқандауға арналған қазақ жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы қозғалысы.

1990 жылдың 25 қазан күні Республика Жлғарғы Кеңесі, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады.

Егер тарихты қысқаша еске түсіретін болсақ, бұл Кеңес одағының, Коммунистік партияның күркіреп тұрған кезі болатын. Сол кездегі ұлы державаның басшылары қазақстан басшыларына «сендер асықпаңдар, республикаларыңның көп ұлтты екенін ойлаңдар. Кавказ тәрізді бүлініп кетпендер» деп сес көрсете отырып, ескертулер де жасады. Дегенмен. Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен қазақ елінің зиялылары үлкен көрегендікпен егемендік туралы Декларация қабылдады.

Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация конституциялық емес, саяси акті, одан дербес мемлекет туындамады, бірақ тәуелсіздікке жету жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Тәуелсіздік үшін әлі де жан аямай күрес жүргізу қажеттігі тұрды.

1991 жылы тамыздағы мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде Кеңес Одағы құлады. Сол жылдың 16 желтоқсанында ТМД елдерінің алды болып Егеменді Қазақстанның жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» деген Заң қабылдап, өзінің тәуелсіздігін бүкіл әлемге паш етті. Осы күннен бастап мемлекет аты «Қазақстан Республикасы» деп өзгертілді. Бұл тарихи құжатта еліміз бұдан былай тәуелсіз, демократиялық иеленеді және өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп жүргізеді деп көрсетті. Тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев көп ұлтты республика халқына қалтықсыз қызмет етуге, азаматтардың құқықтары мен міндеттерді ақ ниетімен орындауға ант берді.

Міне, осылайша Жұбан ақын айтқандай «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздікке ұлт болып қалу, қалмауы қыл үстінде тұрған алмағайып заманда қол жеткізгендігі шындық.

Бүгін біз егеменді еліміздің тарихына үңіле отырып, оның жетістіктері туралы мақтанышпен айтамыз.

Дүниежүзлік тарих тұрғысынан алғанда егемендігін жүздеген жылдармен есептейтін өзге елдермен салыстырғанда бұл мерзім тым аз. Алайда жаһандану үрдісімен ерекшеленетін ХХІ ғасырға қадам басқан сәтте арадағы өткен уақыттың маңызы мен мәні жағынан жүз жылға теңеуге болады.

Қиыншылықтарға қарамастан осы жылдары мемлекеттің конституциялық құрылымы аяқталып, мықты мемлекеттік биліктің тұрақты сабақтастық институты құрылды.

1995 жыл Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп таныған ҚР Конституциясы қабылданды. Мемлекетті ары қарай демократиялық мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Конституция Қазақстанның әры қарай дамуы мен оның үш билігінің мемлекетті басқарудағы өкілеттігін бекітті.

Республика халқының ұлттық дамуы мен өркендеуі үшін бірігуі, бейбітшілік пен келісімді сақтап, экономиканы дамытып, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ядролық қарудан бас тартып, Семей полигонын жауып, демократияның қоғамдық институттарын құрып, Қазақстан қоғамын жаңарту идеологиясын жария ету, тұрақты әлеуметтік саясат, жаңа демократиялық мемлекеттік қызметтің жүйесінің құрылуы, басқару жағынан әрі қарапайым, әрі тиімді елдің әкімшілік-территориялық құрылымының қалыптасуы – басты жетістігімізге жатады.

Арқада еліміздің орталығы – Астана салынды. Ол халықтың өркендеуін, қуаты мен күшін танытып, жаңа Қазақстанның символы мен мақтанышына айналып, дүние жүзіне белгілі болды.

Астананың геосаяси орналасуы Елбасының даналық көріпкелдігі. Себебі Қазақстан аумағының көлемі жағынан ірі еуразиялық мемлекет болғандықтан, халықаралық қатынастардың саяси және географиялық мазмұнын барынша тереңдету мақсатын көздеді.

Қазақстан мемлекеттілігі толық орнықты және шет елдерде елімізді болашағы баянды, қазынасы қыруар, халқы тату-тәтті тұратын ел деп біледі. Қазақстан бүгінгі таңда халықаралық қоғамдастықтың толыққанды, құрметті де беделді мүшесі.

Елбасы «Нұрлы Жол» бағдарламасында жетекші державалардың санкциялық саясатының әлемдік экономиканы қалпына келтіруге қосымша кедергілер келтіретінін, әлемнің бүкіл архитектурасы өзгеретінін және барлық елдердің осы күрделі кезеңнен өте алмайтынын, бұдан тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетінін болжай білді. Ал Қазақстанның әлем экономикасының бір бөлігі ретінде және сол геосаяси қысымның эпицентріне жақын ел ретінде, осы үрдістердің теріс ықпалынан қорғау мақсатында үкіметтің жаңа, ауқымды бағдарламасын жасатып, «Нұрлы Жол» - Жаңа Экономикалық Саясатын ұсынды. Ол контрциклді сипатқа сай,

біздің экономиканың құрылымдық реформасының әрі қарай дамуын жалғастыруға бағытталды.

Н.Ә.Назарбаев көп жылдардан бері шикізат өндіру мен одан түскен табыстардың Ұлттық Қорға салынып, сақталғанын, көбейтілгенін айтып, бұл ресурстардың қыйындық кезде экономиканың өсімін ынталандыруға мүмкіндік туғызатындығын болжай білді. Және бұл ресурстардың, нақтылы айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталатынын анықтап берді.

Ұлттық қордан 2014-2015 жылдарға экономикалық өсім мен халықты жұмыспен қамту мақсатында 500 миллиард теңгеден екі грант бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданды. Шағын және орта бизнесті, ірі кәсіпкерлікті несиелеуге 100 миллиард теңге, банк секторын сақтандыру үшін 250 миллиард теңге, жаңа инвестициялар тартуға және «Қорғас-Шығыс» қақпаны аяқтауға және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» үшін 81 миллиард теңге бөлінуін тапсырды. Сонымен қатар, ЭКСПО-2017 кешенінің құрылысына қосымша 40 миллиард теңге бөлінді және Астананың көліктік инфраструктурасын дамытуға, аэропортын кеңейтуге 29 миллион теңге бөлу тапсырылды.

Үкімет пен басқарушы биліктің жаңа құрылымының қызметін жандандыру мақсатында Әкімшілік реформа жүргізілді, әр министрдің міндеттері белгіленді, әкімдер өкілеттіліктің қажетті деңгейіне ие болды және оларға айрықша жауакершілік жүктелді.

«Нұрлы Жол» бағдарламасында ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумағы бар Қазақстан үшін, барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасының айрықша маңызы ескеріліп, бұрынғы Жібек жолының қайта жаңғыртылатыны айтылды. Және Астанада тоғысатын тоғыз жолдың торабы Елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір тамырға айналатындығы айтылды. Елдің шығысында логистикалық жол және батысында теңіз инфрақұрылымын жалғастыру мақсатында Үкіметке Қытайдың, Иранның, Ресей мен ЕО елдерінің «күрғақ» және теңіз порттарында терминалдық қуаттар салу немесе жалға алу мәселелері бойынша әкімдердің, оларды нақты жобалармен толықтырып жедел шараларды қолдануды бақылау және өңірлерде ШОБ өндірісін дамыту мен қосымша инвестициялар тартуға бағытталған жаңа индустриялық аймақтар мәселелері тапсырылды. Осы уақытқа дейінгі, энергетикада индустрияландыру бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыстар негізінде энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту көзделгендігі айтылып, оның барлық елдің өңірлерін теңестірілген

энергиямен қамтамасыз ететін мүмкіндік екендігі көрсетілді. Сонымен бірге, Жолдауда тұрғын үй-коммунальдық шаруашылығымен, су жылуымен қамтамасыз ету желілерінің инфраструктурасын жетілдіру көзделді.

Президенттің халыққа жолдауында үнемі білім мен ғылымға ерекше мән беріледі. Өйткені «парасатты экономиканы» қалыптастыруда білім мен ғылымның, білікті кадрлардың атқарар рөлі қашанда ерекше десек, соны жүйелілікпен жүзеге асыру мақсатында «Нұрлы Жол» бағдарламасындағы индустрияландыру шеңберіндегі базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысты қамтамасыз етілетін 10 жоғарғы оқу орны анықталып, осы оқу орындарының материалдық-техникалық базасын 2017 жылға дейін қалыптастыруға 10 миллиард теңге белгіледі.

Білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту туралы бағдарламаларымыздың әрі қарай жалғаса беретіндігі көрсетіліп, ол мәселенің тез арада «Нұрлы Жол» Жаңа экономикалық саясаты негізінде шешілетіні айтылды.

С.Демирел атындағы университетте Елбасының «Нұрлы Жол» бағдарламасының негізгі мақсаты мен маңыздылығы туралы студент жастарға профессор, оқытушылармен арнайы лекциялар мен кездесулер өткізілуде. Студенттерге «Нұрлы Жол» бағдарламасының негізіндегі Жаңа Экономикалық саясаттың тұғырына сай жарияланып отырған инфрақұрылымдық дамудың нақты жоспарымен таныстыру, түсіндіру көзделді.

Еліміздің бастан кешірген тарихи белестері, «Нұрлы Жол» бағдарламасындағы Жаңа экономикалық саясат, Жаңа Қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруге ерекше мүмкіндік беретініне көзіміз жетті. Осы орайда Н.Ә.Назарбаев «Мен жастар – болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» деп, қазіргі жастарға үлкен сенімділік жүктеді.